

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ЖҰМЫСКЕРДІҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ**Шарапатова Данагүл Жанибекқызы**

dana.sharapatova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Е.Н.Нургалиева, з.ғ.д., профессор

Қазіргі ақпараттық қоғамда жұмыскердің дербес деректерін өңдеуге және қорғауға байланысты мәселелер өзекті және күрделі. Жұмыскердің дербес деректері, оның ішінде еңбек қызметі, денсаулық, қаржы және жеке өмірдің басқа да деректерін қорғау туралы заңнамада және еңбек нормаларында көрсетілуі тиіс. 2018 жылғы Freedom House-тың деректері бойынша он сегіз мемлекет дербес деректерді қорғауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік қадағалауды күшейткен, отыз алты мемлекетте қолданыста дербес деректерді қорғау туралы заңнамалар бар, сондай-ақ он бес мемлекетте дербес деректерді қорғау туралы заңнамалар ұсынылып, талқылану үстінде [1].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабына сәйкес, әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар [2]. Бұл әрбір азаматтың мемлекет, билік органдары немесе басқа да жеке тұлғалар тарапынан қажетсіз араласудан бос жеке кеңістікке құқығы бар екенін білдіреді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабының мәні бойынша азаматтардың жеке өмірі қорғалуы тиіс және оны заңды негізсіз бұзуға ешкімнің құқығы жоқ деп бекітеді.

Халықаралық стандарттарды ескере отырып, Қазақстан Республикасында азаматтардың дербес деректерін қорғауды реттейтін заңнама қабылданған болатын. Дербес деректер туралы негізгі заң - Қазақстан Республикасының 2013 жылы 21 мамырдағы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» №94-V Заңы [3]. Бұл заңның мақсаты азаматтардың дербес деректерін жинау және өңдеу процесінде ашықтық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған сенімді және тиімді тетіктерді құру болып табылады.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңға [3] сәйкес, дербес деректер – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер болып табылады [3].

Кейбір авторлардың пікірі бойынша, дербес деректер нақты немесе жанама айқындалған немесе айқындалмаған жеке тұлғаға және дербес деректер субъектісіне қатысты кез-келген ақпарат [4]. Алайда кейінгі зерттеулерге сүйенсек, дербес деректердің құндылығын мұнайға теңестіргендер бар. 2009 жылы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық комиссар қызметін атқарған Меглена Кунева өз сөзінде дербес деректердің құндылығын цифрлық мұнай ретінде ұсынып, салыстыру жүргізген болатын. Ол цифрлық экономика дәуіріндегі негізгі актив ретінде жеке тұлғалар туралы ақпараттың мәнін осылай білдірді. Күн сайын бүкіл әлем бойынша планета тұрғындары таңқаларлық мөлшерде – 196 миллиард – электрондық пошта жібереді немесе алады (Radicati, 2014), Twitter-ге 500 миллионнан астам ақпараттар жібереді (Internet life Stats, 2014) және Facebook-те 4,75 миллиард мағлұматтармен бөліседі (Noyes, 2014). Бұл қазіргі экономикадағы жеке деректердің жылдам әсері мен маңыздылығын көрсетеді [5].

Қазақстан Республикасын ақпараттық заңнамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу 2024 жылдың шілде айына дейін күшіне енеді. Заңға толықтыру дербес деректердің субъектісінің келісімінсіз жинау және өңдеу кезінде, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы шоттарын ашуға, зейнетақы жинақтарының сомасы туралы, сондай-ақ шартты зейнетақы шоттары туралы ақпаратты беруге байланысты қызметті жүзеге асырған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл норманың келесідей теріс тұстары бар:

1. Зейнетақы шоттарын ашу жұмыскердің жұмысқа қабылдану кезінде жүзеге асыратын бірінші қадамы болғандықтан, бұл норма жұмыс берушіге заңды түрде шектен тыс құқық берілуі деп есептеуге болады.

2. Теріс пайдаланудың ықтимал қаупі. Зейнетақы шоттарын ашуға және дербес деректерді өңдеуге байланысты қызметті нақты келісімінсіз жүзеге асыру азаматтар туралы ақпаратты теріс пайдалану және рұқсатсыз пайдалану қаупін арттырады.

Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау» туралы заңнамасы 27-2 және 27-3-баптармен толықтырылды. Осы Заңның сақталуын мемлекеттік бақылау мерзімді және жоспардан тыс жүргізеді. Мерзімді тексерулер алдыңғы тексерулердің нәтижелеріне, есептіліктің мониторингіне, мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын және мемлекеттік техникалық қызмет деректерін талдауға негізделеді. Бұл тәсіл жағдайды жан-жақты бағалауға және мүмкін бұзушылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Алдыңғы тексерулердің нәтижелерін зерттеу - стандарттарға сәйкес өзгерістердің динамикасын анықтауға, сондай-ақ нұсқаулар мен ұсыныстардың орындалуын бақылауға мүмкіндік береді. Есептілік пен мәліметтерді талдау органдардың нормативтерді сақтау дәрежесін бағалауға және олардың функцияларын талаптарға сәйкес жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының мониторингі дербес деректерді қорғау туралы қажетті ақпараттың болуын немесе болмауын анықтауға көмектеседі, сондай-ақ қызметтің қол жетімдігі мен шектеуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексінде дербес деректер туралы ережелерді дамытудың болмауы, белгілі бір мәселелерді туғызады және мұқият қарауды талап етеді. Бұл тұрғыда жұмыскерлердің дербес деректерін қорғау қазіргі еңбек қатынастарының негізі болып табылатындығын және еңбек заңнамасында көрініс табуы керек екенін түсіну маңызды. Қазіргі уақытта дербес деректерге және оларды қорғауға арналған баптар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде жоқ.

2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 44-VIII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға жұмыскердің дербес деректері туралы нормаларды қосуға болатын еді. Алайда, біздің заңнамада әлі де жұмыскердің дербес деректерін қорғауды реттейтін нормалар жоқ. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, атап айтқанда Еңбек кодексінде жұмыскердің дербес деректерін қорғауды реттейтін нормалар болса, онда тиісті өзгерістер енгізу жұмыскерлердің құқықтары мен құпиялылығын қамтамасыз ету үшін маңызды қадам болуы мүмкін еді. Жұмыскерлердің дербес деректерін қорғау, әдетте, цифрлық трансформация және жұмыс ортасында ақпараттық технологияларды пайдалануды арттыру кезінде өзекті болып жатқандықтан Еңбек кодексінде арнайы нормалар болуы керек.

Еуропалық Одақ ЕО 2016/679 ережесінде деректерді қорғаудың жалпы ережесі (GDPR) дербес деректерді өңдеудің негізінде жатқан жеті қағиданы белгілейді. Бұл қағидаттар азаматтардың дербес деректері мен құқықтарын тиімді қорғау үшін сенімді негіз қалыптастырады. Олардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық:

1. Деректерді өңдеудің заңдылығы, әділдігі және ашықтығы. Негізгі қағидат-деректерді өңдеу заңды негізде, деректер субъектісі үшін әділ және ашық түрде жүзеге асырылуы тиіс.

2. Деректерді жинау және пайдалану мақсатын шектеу. Деректерді жинау және пайдалану нақты анықталған және заңды мақсаттарға ие болуы керек. Деректерді осы мақсаттарға сәйкес келмейтін тәсілмен өңдеу мүмкін емес.

3. Тек қажетті деректерді жинау. Деректерді жинау, өңдеу мақсаттарына жету үшін ең аз қажетті деректер көлемімен шектелуі керек.

4. Дәлдік. Деректер нақты және өзекті болуы керек. Нақты емес деректер жойылуы немесе кідіріссіз түзетілуі керек.

5. Деректерді сақтау мерзімі. Деректер, өңдеу мақсаттарына жету үшін, қажетті мерзімде ғана сақталуы керек, содан кейін олар жойылуы немесе жасырын болуы керек.

6. Адалдық және құпиялылық. Деректерді өңдеу, адалдық пен құпиялық қағидаттарын сақтай отырып, жүргізілуі тиіс. Деректер рұқсатсыз кіруден, жойылудан немесе бүлінуден қорғалуы керек.

7. Есеп беру. Ұйымдар GDPR-ді сақтауға және регламентке сәйкестігін көрсетуге міндетті [6].

Кейбір ғалымдар Еуропалық Одақ ЕО 2016/679 ережесінде қабылдаған деректерді қорғаудың жалпы ережесі (GDPR) қағидалары негізінде жұмыскердің дербес деректерінің тізбесін шығарған. Осы тұрғыда жұмыскердің дербес деректері еңбек қатынастарын ресімдеуде және еңбек жағдайларының заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Жұмыскердің дербес деректері туралы ақпаратты қамтитын аталған құжаттар мен материалдар еңбек процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және кадрлар құрамын дұрыс ұйымдастыру және басқару үшін негіз болады. Көрсетілген құжаттарда қандай дербес деректер бар екенін қарастырайық:

1. Еңбек шартын жасасу кезіндегі ақпараттар. Жұмыскердің аты-жөні, туған күні, туған жері, төлқұжат деректері, тұрғылықты мекен-жайы, білімі, кәсібі және еңбек шартын жасасу мен орындау үшін қажетті басқа да мәліметтер сияқты негізгі дербес деректері қамтылған.

2. Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық. Бұл құжат лауазымын, жұмыс орнын, жалақы мөлшерін қоса алғанда, жұмысқа қабылдаудың негізгі шарттарын белгілейді.

3. Еңбек жағдайларын өзгерту туралы бұйрықтар. Егер еңбек шартының қолданылу мерзімі ішінде еңбек жағдайларында өзгерістер орын алса (мысалы, лауазымның өзгеруі, басқа бөлімшеге ауысу), мұндай өзгерістер тиісті бұйрықтарда көрсетіледі.

4. Еңбек шартын тоқтату туралы бұйрық. Еңбек шартын тоқтату кезінде қатынастарды тоқтату туралы мәліметтер жазылады, сондай-ақ себептері (егер бар болса) көрсетіледі.

5. Тәртіптік жаза туралы бұйрықтар. Бұл құжаттар жұмыскерге оның мінез-құлқына немесе еңбек нәтижелеріне байланысты қолданылатын әртүрлі шараларды тіркейді.

6. Еңбек кітапшасы. Бұл құжат жұмысқа орналасу сәтінен бастап еңбек өтілі аяқталғанға дейін жұмыскердің еңбек қызметі туралы барлық негізгі мәліметтерді қамтиды [7].

Қазақстан Республикасында дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау мәселелері Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің [8] 79-бабына сәйкес, «Дербес деректер және оларды қорғау» туралы заңнаманы бұзу әкімшілік айыппұлдарға әкеп соғады. Бұзушылықтардың әртүрлі түрлері жеке тұлғаларға, лауазымды тұлғаға және кәсіпкерліктің түрлеріне қарай айыппұлдардың әртүрлі деңгейлерін білдіреді. Әкімшілік жауапкершілік жұмыскерлердің дербес деректерін өңдеу саласындағы нормативтердің сақталуын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Осы саладағы бұзушылықтар жұмыс берушілердің заңсыз әрекеттерін болдырмау және жазалау мақсатында әкімшілік шараларға жатады.

Мысалы, дербес деректердің құпиялық және сақтау қағидаларын сақтамаған «Қазкоммерцбанк» АҚ клиенттер базасын қоқыс жәшігінен табылған болатын. Алайда, бұл туралы мұрағатта сақталуы тиіс клиенттердің дербес деректері адами факторлардың себебінен қоқыс жәшігінен табылып, басшысы еңбек шартын тоқтатып, жұмыскерлерге банктің ішкі ережелеріне сәйкес шара көрсетіліп, олар жауапкершілікке тартылды [9]. Бұл ситуацияда банк мұрағаттық құжаттарды сақтамау - ақпаратты өңдеу және сақтау нормалары мен ережелерін елеулі түрде бұзуы болып табылады. Алайда, «Дербес деректер және оларды қорғау» туралы Заңның тиісті талаптарын сақтамау әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтан босатылып, Қазақстан Республикасында жауапкершіліктің кең таралған және дәстүрлі форматы «жұмыстан босатылу» болып табылатындығының дәлелі.

COVID-19 пандемиядан кейін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына дәстүрлі емес еңбек шартын жасасудың жаңа түрі пайда болды. Жұмыскерлер қашықтан жұмыс жасауды жүзеге асыра бастады. Осыған байланысты қашықтан жұмыс жасау

барысында жұмыскерге бейнекамераны қосу жұмыскердің дербес деректері мен жеке өміріне қолсұлғылмаушылықты жою мен жұмыскердің құқығы мен заңды мүддесін бұзу болып есептелмейді ме? Бұл туралы А. С. Мхитарянный пікіріне сәйкес, қашықтағы жұмыскердің бейнекамераларды қосу және жұмыс берушінің қашықтағы жұмыскерді бақылауы дербес деректер туралы заңнамалардың қағидаларын бұзу және ол үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту қажет деп есептейді [10].

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сілтеме жасағанмен, жұмыскердің дербес деректері ұғымы нақтыланбаған және анықталмаған. Бұл Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы шеңберінде жұмыскерлердің дербес деректері қызметкерлерді қоса алғанда, барлық адамдарға қолданылатынын білдіреді. Сондықтан тәжірибе жүзінде жұмыскердің дербес деректері белгісіз, түсініксіз және жоқ құқық. Сот тәжірибесінде де жұмыскердің дербес деректері туралы еңбек даулары жоқ, болған жағдайда да сот инстанциясын тығырыққа тірейтін және шешімі түсініксіз болатындықтан арнайы заңнама қажет.

1. Ресей Федерациясы, Молдова Республикасы және Армения Республикасының Еңбек Кодекстерінде жалпы дербес деректерге арналған заңнамалардан бөлек, жұмыскердің дербес деректерін жеке құқықтары мен бостандықтарының объектісі ретінде бөлек тарау қарастырған. Тарау «Жұмыскердің дербес деректерін қорғау» деп аталады. Қазақстандық заңнамаға да осындай тарау керек. Себебі, жұмыскердің дербес деректері туралы мән-жағдай туындағанда жалпылама заңнамаларда емес, нақты Еңбек кодексімен реттелуі тиіс. Өйткені жұмыскердің дербес деректері еңбек қатынастарына тікелей қатысты және жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен міндеттеріне тікелей қатысы бар. Сол себепті қазіргі Еңбек кодексінде «Жұмыскердің дербес деректері туралы» тарауды бекітуді ұсынамыз. Бұл тарау жұмыскердің дербес деректерін өңдеу талаптары, жұмыскердің дербес деректерін жинау, өңдеу мен сақтау тәртібі және жұмыскердің дербес деректерін заңсыз кіруден, жойылып кетуден және теріс пайдаланудан қорғауға қойылатын талаптарды бекіту қажет. Және де бұл Еуропалық Одақ ЕО 2016/679 ережесінде қабылдаған деректерді қорғаудың жалпы ережесінің (GDPR) қағидаларына сай жасалуы тиіс.

2. Дамыған шетелдік мемлекеттерде жұмыскердің дербес деректеріне аса мән беріп қарайтындықтан, сот тәжірибесінде де көп кездесетін еңбек дауларының бірі болып табылады. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңға сәйкес, жұмыс жасайтын, мемлекеттік билік тармақтарына бағынбайтын жеке дара мамандандырылған орган құруды ұсынамыз. Бұл орган дербес деректерді адам өміріне қолсұғушылықты қарастыратын және Дербес деректерді қорғау жөніндегі мемлекеттік орталық болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Adrian Shahbaz, "Freedom on the Net 2018. The Rise of Digital Authoritarianism," Freedom House, 2018. [Электронный ресурс]. Кіру режимі: <https://freedomhouse.org/article/rise-digital-authoritarianism-fake-news-data-collection-and-challenge-democracy>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. [Электрондық ресурс]: Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. Қол жеткізу Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінен. Кіру режимі: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
3. Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау» туралы 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы. [Электрондық ресурс]: Қол жеткізу Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінен. Кіру режимі: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094/z13094.htm>
4. Воробьёва О.А., Полякова Ю.А. Информационное право: Электронное учебно-методическое пособие. - Тольятти, Изд-во ТГУ, 2020. - С. 33
5. Sarah Spiekermann-Hoff and Rainer Böhme and Alessandro Acquisti and Kai-Lung Hui. The Challenges of Personal Data Markets and Privacy, 2015. <https://www.scinapse.io/papers/2018362551>

6. Общий регламент защиты персональных данных (GDPR) Европейского союза, <https://gdpr-text.com/ru/>
7. Р.И. Матевосян, Д.Г. Михайлова. Защита персональных данных работника, 2018. №12-5(87) ISSN 2223-4047
8. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексі. [Электрондық ресурс] Қол жеткізу Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінен. Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
9. Документы клиентов «Казкома» оказались возле мусорной свалки в Астане, 2017. Документы клиентов «Казкома» оказались возле мусорной свалки в Астане - Новости | Караван (caravan.kz) <https://www.caravan.kz/news/dokumenty-klientov-kazkoma-okazalis-vozhle-musornojj-svalki-v-astane-401834/>
10. Мхитарян А. С. Нарушения в сфере персональных данных работников: практика ЕСПЧ // Норма. Закон. Законодательство. Право: сборник материалов XXIII Международной научно-практической конференции молодых учёных (г. Пермь, 16-17 апреля 2021 года) / науч. редактор О. А. Кузнецова; Пермский государственный национальный исследовательский университет. Пермь, 2021. С. 845-848.